

Абай – дара, Абай – дана қазақта

Биыл Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толады. Абай Құнанбайұлы ғұлама, ойшыл, ақын, ағартушы, ұлттың жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, аудармашы, композитор ретінде ел тарихында өшпес із қалдырған. Абай Құнанбайұлы ұлтымыздың мақтанышы.

Осы мерейтойлық жылына байланысты, 2020 жылдың 5 наурызында Л. Толстой атындағы Қостанай облыстық кітапханасының өкілдері Қазақстан Республикасы ИМ Шырақбек Қабилбаев атындағы Қостанай академиясында Абай Құнанбайұлының өмірбаяны туралы кітап көрмесін өткізді.

Кітап көрмесін өткізу шеңберінде, Л. Толстой атындағы Қостанай облыстық кітапханасының өкілдері Академия курсанттарына Абай Құнанбайұлы туралы бейнероликті көрсете отырып, оның өмірбаянын баяндады.

Абай – дара, Абай – дана қазақта атты иллюстративті-кітап көрмесінде ұлы Абайдың өмір жолы мен шығармалары көрсетілді.

Кітап көрмесінің мақсаты – жас ұрпақтың өз жерінің тарихы мен мәдениетін білуге бағытталған, сонымен қатар халық ақындарының шығармашылығы туралы көрме арқылы жеткізу.

Дана АЛЬЖАНОВА,
ҚР ИМ Ш.Қабилбаев атындағы
Қостанай академиясы Кадр
саясаты бөлімінің
идеологиялық жұмыс
бөлімшесінің аға инспекторы
полиция капитаны

Ескертілсең – қаруланғаның

2020 жылғы 16 наурызда ҚР ИМ Жөліктегі ПД Қостанай станциясындағы ЖПБ-де жеке құрамға елімізде COVID-2019 жібермеу бойынша қабылданатын жатқан шаралары, симптомдар мен сақтық шаралары туралы, ОРВИ және коронавирус инфекциясының айырмашылығын ақпараттандыру бойынша семинар-сабақ өткізілді.

Сабаққа Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті көліктегі тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінің санитарлық-карантиндік бақылау бөлімінің бас маманы Қалқаева Жаныл Селиханқызы шақырылды.

Өз баяндамасында Жаныл Селиханқызы жеке құрамға Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Қазақстан Республикасында коронавирус инфекциясының таратып кетуін жібермеу бойынша қосымша шараларын енгізу туралы» бұйрығын, «Пандемия кезеңінде Қазақстан Республикасына коронавирус инфекциясын тарату және әкелуді жібермеу бойынша шараларды күшейту туралы қаулысымен таныстырып, коронавирус инфекциясын алдын алу, көпшілік жиналатын орындарына бармау, көптеген іс-шараларды жабу, әуежайларында тепловизорлардың жұмыс істеуі, сауалнама жүргізу, коронавирус инфекциясын жібермеу, профилактика шаралары, полицейлердің міндеттері туралы айтып берді.

Сондай-ақ, полицейлерге қорғаныс құралдарын көрнекі көрсетіп, қорғаныс костюмді киіп-шешу жөнінде үйретіп, нұсқамалық жасап, жеке гигиенасын сақтау және вирустан қорғану бойынша толық ұсыныстарын берді.

Полицейлер коронавирусына қатысты көп сұрақтар қайып отырды.

Қостанай ст. ЖПБ ІжСКТ

ҚЫЛМЫСҚА ҚАРСЫ КҮРЕС МӘСЕЛЕСІ – ЖҰРТШЫЛЫҚТЫҢ НАЗАРЫНДА

Жариялылықтың жұртқа берер пайдасы мол

Қай кезде болсын, еліміздегі, соның ішінде өз өңіріміздегі қылмыстық ахуалдың жай-күйі жұртшылықтың назарынан тыс қалған емес. Бұл орайда ішкі істер органдары тарапынан ашықтық, жариялылық қағидатының сақталуының маңызы зор болса керек.

Міне, осы орайда Қостанай облысы Полиция департаментінің бастығы Бекет Аймағамбетовтің жақында онлайн режимінде халыққа есеп беру кездесуін өткізгендігін айта кеткен жөн.

Облыстың бас полицейі қазіргі таңда өңірімізде қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын-алу бағытында атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарлар туралы баяндады. Артынша жиналған бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің сауалдарына жауап беріп, ұсыныстарын тыңдады. Әрине, бұл орайда кездесуге онлайн қатысқан тұрғындардың сұрақтарына жауап беру мақсатында бейнеселекторлық режимінде байланыс жүйесінің орнатылғандығы үлкен үлкен маңызға ие.

-Бүгінмен халық алдында жаңа форматтағы полиция жұмысы туралы есеп беремін. Қазіргі таңда әлемді дүрліктірген «Коронавирусқа» қарамастан, біз интернеттің көмегімен осыншама аудиторияны қамтып отырмыз. Мен есеп беру кездесуімді азаматтарды қабылдау, олардың өзекті мәселелерін шешу алаңы ретінде қарастырамын. Екінші жыл қатарынан ИМ жүйесінде Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдарын жаңғырту бойынша 2019-2021 жылдарға арналған Жол картасы іске асырылуда. Полиция халыққа қызмет көрсетудің жаңа үлгісіне көшуде. Басты нәтиже – азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін сапалы қызмет көрсету, - деді Бекет Иманұлы.

Жыл басынан бері Полиция департаментіне 110-нан астам алғыс хат келіп түскен. Олардың басым бөлігі патрульдік полицейлердің қызметіне ризашылық білдірулер. Олар жолда қалған жүргізушілерге, өрттен адамдарды құтқаруға қатысқан қызметкерлерге көмек көрсетті.

Жалпы алғанда өңірде қылмыстық ахуал тұрақты. Соңғы үш жылда қылмыстың төмендеуі байқалады. Атап айтқанда, бұрнағы жылдарға қарағанда өңірдегі қылмыс 33% -ке төмендеген.

- Ауыр және аса ауыр қылмыс түрлерінің ашылуы жақсарды. Біз кісі өлтіру, зорлау, тонау, қарақшылық, қорқытып алу және бұзақылық сияқты қылмыстардың 100% ашуға қол жеткіздік. Алаяқтықтың, оның



ішінде интернет желісі арқылы жасалған қылмыстардың ашылуы 20%-ке артты. пәтер ұрлығы 100% ашылды, онда шығын бір миллион теңгеден асады, - деген департамент бастығы қылмыстың түр-түрі бойынша деректерді алға тартты.

- Екі жылға жуық облыста тұрғын үй аулаларында жаяу патруль қызметін атқару тәжірибесі жалғастырылуда. Осының арқасында көшедегі қылмыс 22%-ке, ал қоғамдық орындарда қылмыс жасау оқиғалары 39%-ке төмендеді. Сондай-ақ, мас күйінде жасалған қылмыстар саны азайды. Жасөспірімдер қылмысы мен кәмелетке толмағандардың өздеріне қатысты қылмыс жасау көрсеткіші 65%-ке жуық төмендеді. 1 ақпаннан бастап көлікке мас күйінде отыратын жүргізушілермен күрес басталды. Қосымша күшейтілген кезекшіліктің нәтижесінде тіпті алғашқы бір айдың ішінде 197 мас жүргізушіні құрықтадық, оның 138-і заңнамадағы жаңашылдыққа орай 7 жылға автомобильді басқару құқығынан айырылды. Қалған материалдар сотта қаралып жатыр. Көлікке мас күйінде отыруға жаза қатандатылғанымен, әлі де одан сабақ алмай отырғандар да бар. Бұл жол-көлік оқиғаларының және жалпы қылмыстың өсуімен тікелей байланысты. Өткен жылы облыста 388 жол-көлік оқиғасы тіркеліп, 60 адам қаза тапты. 486 адам түрлі дәрежедегі жарақат алды. Өткен жылы патрульдік полиция қызметкерлерінің араласуымен 695 қылмыстың беті ашылды. «Ізін суытпай» ашқаны үшін қызметкерлерге сыйақы берілді», - деді Бекет Аймағамбетов.

Облыстың бас полицейінің баяндауына, өткен жылы қоғамдық тәртіпті сақтауға бәр мыңнан астам полицияның ерікті көмекшілері қатысыпты. Олар 12 қылмысты ашып, 517 әкімшілік құқық бұзушыны ұстаған. Көрсетілген көмектері үшін 255 полиция көмекшісі сомасы 5 миллион теңгеден астам қаржымен марапатталған көрінеді.

- Біз «Регион 10» іздестіру тобын құру бастамасын қолдадық. Қазіргі уақытта еріктілерді рация және арнайы кеудешелермен жабдықтау мәселесі шешілуде. Тек өткен

жылы ғана полиция, оның ішінде волонтерлер көмегімен жоғалған 91 азаматты іздеп таптық. Мәселен, өткен жылы қараша айында Мәскеу түбіндегі Ступино қаласында Қазақстан азаматы ұсталды. Оған ауыр қылмыс жасағаны үшін іздеу жарияланған болатын. Осыдан төрт жыл бұрын ол бірнеше серіктесімен бірге сейфтен қаланың ірі ұйымының бірінен 65 млн теңге ұрлаған еді. Жедел-іздестіру іс-шараларының арқасында ұсталды және оны экстрадициялау мәселесі шешілуде, - деді Бекет Иманұлы.

Полиция жұмысының тағы бір жаңалығы, департаменттің табиғат қорғау полициясы тобы штат санының ұлғаюына байланысты бөлім болып қайта құрылды. Криминалдық, табиғат қорғау полициясы мен жедел-криминалистикалық қызмет қызметкерлерінен құрылған мамандандырылған жедел-іздестіру тобы құрылды. Тиімді жұмыс үшін қажетті көлік, құрал-жабдықтармен жабдықталды. Ақбөкендер мен басқа да сирек кездесетін жануарлар мекендейтін аймақтарымыз Қарағанды, Ақмола және Ақтөбе облыстарымен шектеседі.

- Өткен жылы табиғат қорғау полициясының қызметкерлері осы салада 700-ден астам әкімшілік құқық бұзушылықты анықтап, 5 млн теңгеден астам сома көлемінде айыппұл өндірілді. Қылмыстық тәртіпте 53 қылмыстық тергеу жүргізілді, оның ішінде заңсыз аң аулау үшін 19 қылмыстық іс қозғалды. Броньерлер тобы Жанкелдин мен Наурызым аудандарында қолға түсті, - деді ол.

Кездесу барысында жан-жақтан қойылған сұрақтар өте көп болды. Өйткені әлеуметтік желілердегі қамтым 1200-дей адамға жеткен. Өңірдің бас полицейі бірқатар мәселелердің шешімі жергілікті атқарушы органдарға байланысты екендігін айтып, ал өзіне қатыстыларын жан-жақты қарастырып барып анық-қанығына жететіндігін білдірді. Тіпті ол бұл үшін өзіне консультант ретінде бір бірлік енгізгендігін айтты. Бекет Аймағамбетов әрқашан тұрғындармен сұхбаттасуға дайын екендігін, қоғам қауіпсіздігі мен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуде, бақылауда адал қызмет ете беретіндігіне сендірді.

Иә, қандай жағдайда да жариялылықтың елге тигізер пайдасы мол. Өйткені адамдардың құқықтарын қорғауда сапалы қызмет көрсету – полицияның бүгінгі таңдағы жұмысында басты болып саналады. Облыстың полиция департаменті бастығының жұрт алдында ашықтығы, жоғарыда атап кеткен деректері, кім-кімге де ой салары сөзсіз.

М. БАЙМЫРЗАҰЛЫ

Әл-Фараби және оның рухани мұрасы

Шығыстың ғұлама ойшылы Әбу Насыр әл-Фараби 870 жылы бүгінде Отырар аталатын, Арыс өзенінің Сырға барып құятын сағасындағы Фараб қаласында дүниеге келді (қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысындағы Отырар қаласының маңайындағы ортағасырлық қала).

Фарабидің толық аты-жөні Әбу-Насыр Мұхаммед Ибн Мұхаммед ибн Ұзлағ ибн Тархан Әл-Фараби. Әл-Фараби түрік тайпасының дәулетті бір ортасынан шыққаны бізге мәлім, бұған дәлел оның толық аты жөнінде "Тархан" деген атаудың болуы. Туған жері қазақтың ежелгі қаласы Отырарды арабтар Барба-Фараб деп атап кеткен, осыдан барып ол Әбу Насыр әл-Фараби, яғни Фарабтан шыққан Әбу Насыр атанған. Сол тұста өмір сүргендердің қалдырған жазбаларына қарағанда, Отырар қаласы IX ғасырда тарихи қатынастар мен сауда жолдарының торабындағы аса ірі мәдениет орталығы болған.

Әбу Насыр бала күнінен ғылымға үйір болып өсті, оның бақытына қарай сол заманда Отырарда аса бай кітапхана бар еді. Әл-Фараби парсы, грек тілдерін үйренеді, осы тілде ғылыми трактаттар оқиды. Фараб пен Бұқарада бастапқы білім алған соң әл-Фараби өз білімін жетілдіру мақсатында Бағдатқа аттанады. Фарабидің дүниетанымының қалыптасуына Мерв мектебінің ғылыми дәстүрлері мен философиялық бағдарлары өз

әсерін қалдырды. Бағдатта әл-Фараби ғылым мен әртүрлі пәндерді оқиды. Білімге деген құштарлығының арқасында әл-Фараби сол уақыттағы ғылым мен білімнің ордасы саналған Дамаск, Халеб, Каир, Шаш, Самарқан, Бұхара, Мерв, Нишапур, Рей, Хамадан қалаларында да болып, білімін үнемі жетілдірумен болды. Сол қалаларда оқыды, еңбек етті. Шығыстың осы шаһарларында ол өз дәуірінің ең көрнекті ғалымдарымен, көркем сөз деректерімен танысады. Олардан тәлім-тәрбие алады.

Әл-Фараби – көрнекті ойшыл, өзінің замандастарының арасындағы ең ірі ғалым, философ және шығыс аристотелизмінің ең ірі өкілі. Өзінің білімділігі мен сауаттылығының арқасында "Екінші Ұстаз" атауына ие болды. Әл-Фарабидің шығармашылық мұрасы орасан зор (150-ге жуық философиялық және ғылыми трактаттар), ал оның айналдырылған ғылыми салалары ол – философия мен логика, саясат пен этика, музыка мен астрономия. Ғылыми еңбектерінің ең әйгілісі "Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайлы трактат" деп аталады. Оның атақты "Музыка туралы үлкен трактат" деген шығармасы әлемнің көптеген тілдеріне аударылған.

Әл-Фараби философия саласы бойынша грек ойшылы Аристотельдің "Категориялар", "Метафизика", "Герменевтика", "Риторика", "Поэтика", бірінші және екінші "Аналитика", "Топикасы" және т.б көптеген еңбектеріне түсініктемелер жазды.

Әбу Насырдың Платон және Аристотель философиясындағы идеяларға арналған кітабы оның философия саласындағы аса көрнекті ғалым екенін әрі философия пәнін терең меңгергенін дәлелдейді. Фараби Аристотельдің әлеуметтік-қоғамдық идеяларын дамыта отырып, өз тарапынан да "Кемеңгерлік меруерті", "Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы", "Мәселелердің түп мазмұны", "Ғалымдардың шығуы", "Бақытқа жету", "Азаматтық саясат", "Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері" сияқты көптеген сындарлы философиялық еңбектер жазған. Фараби бұл еңбектерде дүние, қоғам, мемлекет, адамдардың қатынастары туралы заманнан озық тұрған пікірлер, пайымдаулар айтады.

Әл-Фарабидің еңбектері күні бүгінге дейін өз мән-маңызын жоғалтқан жоқ. Әл-Фарабидің мемлекет, ел басқару жөніндегі тұжырымдары, әлеуметтік-этикалық саяси көзқарастары бүгінгі қоғам үшін де айрықша маңызды. Оның еңбектері еуропалық Ренессанстың өрлеуіне үлкен ықпал етті. Фараби Шығыс пен Батыстың ғылымы мен ежелгі мәдениетін табыстыруда зор рөл атқарды.

Әйгерім БАЙҚАСОВА,
Әулікөл ауданы ПБ
ІжСКТ маманы

Бетті жүргізуші Мейраш ЖҮНІСБЕКОВ, e-mail: meyrash@mail.ru

«Біз – Жеңістің мұрагеріміз!»

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаевтың шешімімен Ұлттық ұланда Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 75 жылдығына арналған «Біз – Жеңістің мұрагеріміз!» атты эстафетасы жоспарланған.

Аталған эстафетаның негізгі атрибуты – 1941 жылы Алматы қаласында жасақталып, Мәскеуден Берлинге дейін жеткен Кеңес Одағының Батыры генерал-майор И.В. Панфилов атындағы 8-гвардиялық мотоатқыштар Режицкий, Қызыл Ту, Ленин орденді, Суворов орденді дивизиясының Жауынгерлік Туының көшірмесі. Мақсаты – Отан үшін отқа түсіп қан майданнан аман оралған жауынгерлерге құрмет көрсету, қаза тапқандарды қадір тұтып, арамызда жүрген ардагерлерге ұдайы қамқорлық жасау.

Аталған іс-шараға 2020 жылдың 12 наурызында Қазақстан Республикасы ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының қызметкерлері мен курсанттары қатысты. Эстафета барысында салтанатты түрде Мәңгілік Даңқ алауы ескерткіші алаңында Ақтөбе 6655 әскери бөлімінің өкілдері Мәскеуден Берлинге дейін жеткен Кеңес Одағының Батыры генерал-майор И.В. Панфилов атындағы 8-гвардиялық мотоатқыштар Режицкий, Қызыл Ту, Ленин орденді, Суворов орденді дивизиясының Жауынгерлік Туын 6697 әскери бөлімі командирінің міндетін атқарушы подполковник Ғалымжан Кибаявке берді.



Сондай-ақ, эстафета даңқты панфиловшылар дивизиясының Жауынгерлік Туының көшірмесі республикалық маңызға ие 3 қалада, облыстық деңгейдегі 14 қалада және шағын 7 қалада өтеді.

Осы іс-шара аясында салтанатты шеру өтті. Іс-шараға жиналған Ұлы Отан соғысының ардагерлері, әскери қызметшілер, Академия қызметкерлері мен курсанттары қаза болған жауынгерлерге бір минут үнсіздік жариялап, гүл шоқтарын қойды. Халық батыры Б.Момышұлы былай деген екен: «Біздің тарихымыз батырға бай тарих, халқымыз батырлықты биік дәріптеп, азаматтық пен кісіліктің символы, үлгісі санаған. Батырлық деген, ерлік деген ұрпақтан ұрпаққа ата дәстүр болып қала

бермек. Өткенін білмеген, тәлім - тәрбие, ғибрат алмаған халықтың ұрпағы - тұл, келешегі тұрлаусыз. Біздің қазақ халқы - батыр халық».

Бұл іс-шара болашақ тәртіп сақшыларын және Ұлттық ұлан әскери қызметшілерін қазақстандық патриотизмге, ұлтжандылыққа тәрбиелеуде, елінің тарихын насихаттап, Анты мен еліне адал қызмет етуде маңызды орын алатындығына сенімдіміз.

Орынбасар УАҚПАЕВА,
Қазақстан Республикасы ІІМ
Ш.Қабылбаев атындағы
Қостанай академиясының
баспасөз қызметі

«ТимБилдинг» тренингі

2020 жылғы 13 наурызда «Динамо» ЖШС-да Қостанай станциясындағы ЖПБ кадр саясаты тобының инспектор-психологы полиция капитаны В.В. Осипова Қостанай ст. ЖПБ және желілік бөлімдерінің қызметкерлерімен бірге тренинг өткізді, оған 12 қызметкер қатысты.



«ТимБилдинг» тренингі ұжымның бірігуіне, ішкі қарым-қатынасын жақсартуына және байланысын орнатуға, өзара көмектесуге, бірігу сенімін күшейтуге, еңбекке ынталандыру деңгейін жоғарылатуға, бірыңғай командалық байланысуға, топ мүшелері арасында байланысуын жақсартуға, тиімді коммуникацияларын жақсартуға, бірлескен әрекетінің позитивтік тәжірибе алуға, топ мүшелері арасында сенімін орнатуға бағытталды.

Тренингке қатысу қызметкерлерге түсіну шегін кеңейтуге, өнімді қызмет көрсетуге қажетті дағдыларға үйрену, өзін-өзі таңуға және түсініп көрсетуге, өзінің потенциалын ашуға мүмкіндік береді.

Қостанай ст. ЖПБ ІжСКТ

Ел үшін еңбек еткен ерлер ізімен

2020 жылғы 8 наурызда Қазақстан Республикасы ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының қабырғасында Шырақбек Қабылбаевтың 112 жылдығына арналған белбеу күресінен ашық облыстық іріктеу турнирі өткізілді.

Жарысымызға өңіріміздің әр жерінен білекті де жүректі спортшылар жиналып боз кілем бәсекесінің озық деңгейін көрсетіп, көрермендер ықыласына бөленді. Бұл жарысымыздың басты мақсаты елі үшін еңбек еткен Шырақбек Қабылбаев сынды батыр бабаларымыздың бойындағы өр рух пен елге деген сүйіспеншілікті болашақ жастарымызға дәріптей отырып салауатты өмір салтын насихаттау болып табылады. Осындай жарыстарымыз жастардың бойындағы ер жігітке тән ерік жігерді қалыптастырып спортшыларымыздың арасындағы достық қарым-қатынасты нығайта түспек. Алайда сайыс болғасын оза шабар жүйрік те даралануы қажет. Сондықтан жеңіс те, жеңіліс те қатар жүретіні белгілі болғандықтан, бұл жарыста біздің академия палуандары да аянбай тер төгіп, құрмет тұғырының биігінен көрінді.

Бұл жарысымыздың жеңімпаздары мен жүлдегерлері 2020 жылдың сәуір айында Шымкент қаласында өткізілетін жастар арасындағы ел чемпионатында өңіріміздің абыройы мен мақтанышы боламақ, дәлірек айтсақ, бүгінгі жарысымыздың жеңімпаздары мен жүлдегерлері:

2-курс курсанттары 57 келі салмақ дәрежесіндегі Абу Бейбарыс, 62 келі салмақ дәрежесіндегі Жумабеков Нуржан, 68 келі салмақ дәрежесіндегі Майилкан Ернұр, 75 келі салмақ дәрежесіндегі Олжабай Бекзат және 3 курс курсанттары 82 келі салмақ дәрежесіндегі Сейтмахамбет Рахат, 100 келі салмақ дәрежесіндегі Еркасымов Нурдаулет жеңімпаз атанып 1-орынды қанжығаларына байлады.

3-курс курсанттары 57 келі салмақ дәрежесіндегі Жанбуршинов Бекзат және 62 келі салмақ дәрежесіндегі Бәшір Ғасырбек те аянбай тер төгіп, тұғырымыздың 2-орнынан көрінді.

Руслан КУТЫМБАЕВ,
ҚР ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы
Қостанай академиясы
ДШД кафедрасының оқытушысы
полиция аға лейтенанты

Инвестициялық салық несиесі енгізіледі

Инвестициялық салық несиесі енгізіледі. Бұл туралы Парламент Мәжілісінде салық салу мәселелері заң жобасын таныстыру кезінде ҚР Ұлттық экономика вице-министрі Мәди Тәкиев мәлім етті, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

Инвестицияларды ынталандыру бағытына тоқталған вице-министр, «Инвестициялық салық несиесі енгізіледі. Несие корпоративтік табыс салығы және мүлік салығы бойынша 3 жылға беріледі. Олпайызсыз болады, бірақ инвестициялық бағдарлама орындалмаған жағдайда өсімпұл есептеледі», - деді.

Ұлттық экономика министрлігі мәліметіне қарағанда, өтініштер негізінде инвестицияларды тарту жөніндегі уәкілетті орган (Сыртқы істер министрлігі) инвестициялық салық кредитін беру туралы келісімдер жасайтын болады.

Тәртібі, мерзімі, мөлшері және басқа да шарттар Сыртқы істер министрлігі бекітетін заңға тәуелді актіде жазылатын болады.

Оның сөзіне қарағанда, жеңіл және тамақ өнеркәсібін дамыту үшін басым жобалар бойынша инвестициялар шегін 2 млн айлық есептік көрсеткіштен (5,3 млрд теңге) 1 млн айлық есептік көрсеткішке (2,65 млрд теңге) дейін 2 есе төмендету ұсынылады.

Бұдан бұрын Парламент Мәжілісінде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу және инвестициялық ахуалды жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы таныстырылған болатын.

Заң жобасының негізгі мақсаты - инвестициялар тартуды ынталандыру, бизнес-ортаны дамыту, салықтық әкімшілендіруді жақсарту. Атап

айтқанда, түзетулердің бірінші блогы жеке тұлғалардың салық төлеу бағытын жақсартуға бағытталған.

«Жеке тұлғалардың мүлкі мен жеріне салынатын салықтардың салық элементтерін өзгертпей, бір салыққа біріктіру ұсынылады. Яғни, 2 салық бірыңғай төлеммен төленеді. Бұл түбіртектерді толтыру және банк комиссияларын төлеу сияқты шығындарды қысқартуға мүмкіндік береді», - деді ҚР Ұлттық экономика вице-министрі Мәди Тәкиев.

Бұдан бөлек ол көп пәтерлі тұрғын үйлердің иелері үшін жер салығын алып тастау ұсынылып отырғандығын атап өтті. «Бұл салық сомасының мардымсыз болуына, есептеудің күрделілігі және әкімшілендірудің айтарлықтай шығындарына байланысты», - деп түсіндірді вице-министр.

inform.kz

Төтенше жағдай жарияланды

Өлемді дүрліктірген коронавирус індеті біздің елімізде де тіркелді. Осыған байланысты наурыздың 16-сынан сәуірдің 15-не дейін елімізде төтенше жағдай жарияланып, сақтық шаралары барынша күшейтілді.

Оқушылардың көктемгі демалысы да мерзімінен бұрын басталып, сабақтар тоқтатылды. 16 наурыздан бастап кәсіптік-техникалық білім беру мекемелері мен жоғары оқу орындары да қашықтықтан оқуға көшті.

Бұл туралы коммуникациялар қызметінде онлайн режимде өткен брифингте облыстық білім басқармасының басшысы В.Цымбалюк айтып берді.

Басқарма басшысының сөзінше, балабақшалар штаттық режимде жұмыс істей береді. Дегенмен, инфекцияның алдын алу және жол бермеу бойынша жұмыстар күшейтілген режимде жүргізілетін болады. Карантин кезінде басшылар мен медицина қызметкерлері күн сайын вирусты инфекцияның алдын алу үшін тәрбиеленушілерді тексерістен өткізіп отырады.

17 наурыздағы жағдай бойынша бүгінде өңірдегі 187 балабақшада тәрбиеленіп жатқан 23 163 бүлдіршіннің 9354-і, яғни 40 пайызы ғана мектепке дейінгі ұйымдарға барады, ал 60 пайызы үйде. Сондықтан, коронавирустың алдын алу іс-шарасы негізінде баланың балабақшаға

келмеген күндеріне ата-аналардың жазбаша өтінішін негізге ала отырып, қайта есептеу жүргізілетін болады. Әрі баланың орны сақталып қалады.

Егер ата-аналардың бәрі балаларын балабақшаға әкелуді тоқтатса, онда әрине жұмыс істеудің қисыны болмайды. Бірақ, өзінше олар штаттық режимде жұмыс істейді. 16 наурыздан бастап барлық мектептерде сабақ тоқтатылып, оқушылар көктемгі демалысқа мерзімінен бұрын шықты. Демалыс 5 сәуірге дейін жалғасады.

Ұзартылған уақыт балалардың жазғы демалысына әсер етпейді. Көктемгі демалысты әріқарай ұзарту туралы нұсқау болған жоқ, сондықтан негізсіз қауесеттерге сенбеген дұрыс.

Егер 5 сәуірден кейін қажеттілік болған жағдайда оқушылар қашықтықтан оқуға көшеді. Ал, мұғалімдер каникул кезінде үйде болып, қашықтықтан жұмыс жасауға болады. Осы кезеңде оларға жалақы төленеді. Педагогтардың бөліктілігін арттыру курстары да онлайн форматта өтеді. Сонымен қатар, 11- сынып оқушылары үшін наурыз айында жоспарлаған ақылы ҰБТ-ның мерзімі өзгертіледі, бірақ қай кезде екендігі әлі жарияланған жоқ.

Жалпы, сұрақтар туындаған жағдайда білім бөлімінің 53-60-20 телефоны мен психологиялық қолдаудың кезекші бөліміне (37-08-58) хабарласуға болады, - дейді В.Цымбалюк.

Бетті жүргізуші Мейраш ЖҮНІСБЕКОВ, e-mail: meyrash@mail.ru